



ГТАХР 16.21.47  
Ғылыми мақала

<https://doi.org/10.32523/2616-6887-2025-152-3-335-347>

## Түркі және ағылшын тілдеріндегі ауру атауларына қатысты қалыптасқан табулардың лексика-семантикалық құрылымы

Б.Р. Кулжанова<sup>1</sup>, А.Б. Кашкеева\*<sup>1</sup>

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: aidanaga@mail.ru, b\_777@mail.ru)

**Аңдатпа.** Табулар ертеде мифологиялық наным-сенімдердің негізінде пайда болған. Табудың тақырыптық топтары сан алуан саладан тұрады. Зерттеуде ауруға қатысты туындаған ерте және жаңа заман табуларын қарастырамыз. Ежелде ауруды жолындағының бәрін жоятын ашулы рух түрінде елестеткен, сол себепті атын тура атауға қорқа қараған.

Жұмыс барысында ағылшын және түркі әлеміндегі табудың лексика-семантикалық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұнға ерекше назар қойылды. Табу мен эвфемизм арқылы жасалған ауру атауларына мысалдар келтіріліп, талдау жасалды. Табу сөздер, тыйым сөздер жинағы, этимологиялық сөздіктер, медициналық терминдер, басқа да тілдік материалдар зерттеудің дереккөздері ретінде қолданылды.

Зерттеу мақаласының негізгі мақсаты аталуына тыйым салынған аурулар топтарын анықтау, дәрежесін айқындау және тыйым салу уәжін талдау.

Табу ұғымының әлем халықтары үшін лингвомәдени құзіреттілігі жоғары деген қорытындыға келдік.

**Түйін сөздер:** табу, тыйым, миф, ауру, сырқат, лингвомәдениет, этнография, тыйымдар, салт-дәстүр.

### Кіріспе

Тіл-мәдениеттің тасымалдаушысы, маңызды бөлігі болып табылады. Ол қандай да бір ақпаратты жеткізіп қана қоймайды, әлеуметтік құбылыс, сонымен қатар әлеуметтік мінез-құлық болып табылады. Табулар мен эвфемизмдер екі бөлек және бір-бірімен тығыз байланысты тілдік құбылыстар, сонымен қатар олар жалпы мәдени құбылыс болып табылады. Күнделікті қарым-қатынаста адамдар әрқашан әртүрлі идеяларға ие болады. Кейде олар өз тілектерін тікелей білдіргісі келмейді немесе білдіре алмайды, осылайша табулар пайда болады.

Ерте заманнан бері адамзат қоғамдық, әлеуметтік, биологиялық, физикалық тұрғыда түрлі қауіпке ұшырап тұратынын білеміз. Сол қауіп-қатерлерден үрейленіп кейбір

Түсті: 17.02.2025; Мақұлданды: 25.09.2025; Онлайн қолжетімді: 30.09.2025

335

<sup>1</sup>хат-хабарға жауапты автор

заттарға табу, тыйым салынып келген. Ауру бұл ағзаның тіршілік етіп, өсіп-өну қабілетінің бұзылуы болып табылады. Қауіпті аурулардан сескеніп нәтижесінде атын тура атамауға тырысып, балама сөздер қолданылады. Осы тұрғыда тілдік табулар ежелгі дәуірде адамның табиғаттан тыс күштерге деген сенімі мен белгілі бір сөздерді, есімдерді, жаратылыстардың немесе құбылыстардың атауларын "айқайлап" айту қиынға соғып, соңғысының ашуын туғызып, айтушыға қандай да бір зиян келтіруі мүмкін деген қорқынышының нәтижесінде пайда болды.

Аурулардың қалай және неден пайда болатыны көп уақытқа дейін адамзат баласына белгісіз, түсініксіз мәселелердің бірі болып келген. Сондықтан, оның шығуын аурудың киесі бар немесе оны құдай жібереді деген сынды магиялық, тылсым дүниелермен байланыстыру заңды құбылыс болып саналған. Кей халықтар «ауру» етістігін қолдануға да қорқа қараған. Мысалы, ғалым Лауде-Циртаутастың келтірген мәліметтерінен түрік халқында қазір белсенді қолданылып жүрген «hastalig» сөзі араб тілінен еніп, ділдік табуды алмастырушы тілдік табу болып табылатындығын көре аламыз. Сонымен қатар, өзбек халқы да «науқас», «ауру» деген мағынаны беру үшін араб тілінің «касаллік» немесе парсы тілінің «беморлік» ұғымдарын қолданады. Ғалым Ә. Ахметов бұл қатарды қазақ тілінің сөздік қорына парсы тілінен кірген «ақау», «науқас» сөздерін, моңғол тілінің «сырқат», қырғыз тіліне парсыдан келген «нооқас», «дарт», «кесел» және моңғол тілінен келген «сырқоо» сөздерімен толықтырады. Осы орайда ауру атауларына қатысты бірқатар шектеулер пайда бола бастаған. Соның бірі қауіпті ауруларды өз атымен атамау. Ол оның иесін шамдандыруы мүмкін деген соқыр сенімнен туындаған. Ауру табиғатта жанды дүниелердің барлығына тән десек қателеспейміз. Бірақ соның ішінен аттары бүркеншік атаулармен алмастырылатын екі топты бөлек алып қарастырған жөн. Нақтырақ айтсақ, ауру атауларына байланысты табуларды адамға қатысты аурулар және малға қатысты аурулар деп ажыратып алып барып талдау тақырыптық тұрғыдан нақты әрі түсінікті болмақ.

Қазақ жұрты «Малым – жанымның садағасы, жаным – арымның садағасы» деген көшпелі халық болғандықтан адамда немесе малда болатын әртүрлі жұқпалы аурулар мен індеттерден сақтанудың бір жолы олардың атын тура атамау деп есептеген. Шаманизмнің қалдығы саналатын мұндай сенімге байланысты бірқатар аңыздар да кездеседі.

Әсіресе халық арасында безгек, шешек, қызылша, оба, мәлік, топалаң, қарасан сынды аурулардың атаулары мүлде аталмаған. Эпидемия мен Эпизоотияның киесі бар немесе оны өзін ұмытса Құдай жібереді деген қорқыныш та болған. Ауруды жолындағының бәрін жоятын ашулы рух түрінде елестеткен. Мысалы, шешек ауруын тісі жоқ қаусаған кемпірдің бейнесінде балалары бар үйлерге енеді деп ойлаған. Қастарына жақындап барып бетінен сүйгенде балалар шошынып бет-ауыздары қызара бастайды деген түсінік те болған. Осындай нанымдардың салдарынан қазақ арасында малға және адамға жаппай келіп, үлкен зиянын тигізетін ауру-сырқаулардың иелерін шамдандырып алмас үшін атауларын тіке айтуға батпай, олардың орнына тілдік табу сөздерді қолданған. Ел арасында балалар үшін аса қауіпті сондай дерттердің бірі «қызылша» ауруы болған. Бүгінде қатерлі аурулардың қатарына жатпағанымен, ертеректе балаларды өте көп

шығынға ұшыратқан. Сондықтан үйге кісі келгенде де шаңырақтың иесі «бірдеңке шығып жатыр еді» деп келген кісіні астарлап қайтаратын болған. Сол себепті, аталған аурудың атауын сәл өзгертіп «қызыл» немесе «қызыл көйлек» деп түсіне қатысты сөздерді пайдаланған. «Мәдениет және тұрмыс» деп аталатын журналдың бір оқушысы өзінің редакцияға жолдаған хатында былай деп жазыпты: «Біздің ауылда жылда қыста, көктемде балалар арасында қызылша деген бір дерт ұшырасады. Және бұл семьяда балалардың біреуі ауырса-ақ өзгелеріне соқпай өтпейді. Запсыс болған жұрт оның тіпті атын тура атамай «қызыл» дейді. Қызылдың алдын алуға болмай ма?» [1, 566].

Алайда бұрынғы кезбен салыстырғанда қазіргі таңда күнделікті тұрмыста, ақпарат құралдарында «қызылша» атауы жиі қолданылады. Бұл кейбір табулардың уақыт өте келе бастапқы ұғыммен қайтадан атала бастауы мүмкін екенін көрсетеді. Мысалы, Екпе жүргізу нәтижесінде шешек, полиомиелит, қызылша және дифтерия аурулары жойылды. (Егемен Қазақстан, 2013ж.) Сәбилер қызылша мен дифтериядан жиі шетінейтін. (Алаш айнасы, 2013 ж.) Қызылша ауруын түсіне байланыстырып бүркенші ат беру басқа халықтарда да кездеседі. Төмендегі деректер осының айғағы десе болғандай:

«Бытовые русские названия кори: краснуха, т.е. красная, черемушки, мн. – по черемному т.с. красному цвету; черемица, «Черемица Степановна, баженая (желанная) гостыица, не обидько у меня Ванюшку» [1, 1026]. Сондай-ақ, тәжік халқы да қызылшаны «қазомуқ» деп тура атамай «гүл», «бөртпе» деген мағынаны білдіретін «гул, гулак» сөздерімен атайды. Ал Өзбекстанның Самарқан облысындағы тәжіктердің арасында «оймуммо, хоймуммо гул», яғни «ай гүлі» деп атау кең тараған.

### **Зерттеу әдістері мен материалдары**

Табу үнемі динамикалық қозғалыста болады, ол ежелде соқыр сенімнен туса, қазіргі таңда да өз мәнін жоғалтқан жоқ. Ежелгі табу қазірде жаңашылдыққа ие болған тілдік бірлік. Тілдік бірлік ретінде тотемизм, магия, шаманизм, діни белгілері тән.

Тілдегі басты фактор болып саналатын Адам факторы ескерілді. Жұмысымыз антропоэектілік бағыты, адам болмысы негізінде зерделенді.

Зерттеу жұмысының материалы ретінде ауруға қатысты туған табу және эвфемизмдер туралы қазақ, орыс, ағылшын лингвистерінің талдауларын, тыйым мәнді тілдік бірліктер, медицина саласының терминологиясы, медициналық университеттерде оқытылатын ағылшын тілі практикалық сабағының оқулықтарын қарастырдық. Сонымен қатар, табудың мазмұнын тілдік-мәдени құзіреттілік арқылы түсіндіретін материалдар арқылы берілген.

Зерттеудің әдістемелік жүйесінде материалдарды іріктеу, жинақтау, жіктеу, талдау әдістері қолданылды.

### **Нәтижелер мен талқылаулар**

«Табу» сөзі ұжымдық түрде «табби» деп аталады және ағылшын тілінен аударғанда «кесте» немесе «таба» деп аударылады, бұл "қасиетті және қол тигізбейтін" дегенді

білдіреді. Бұл сөз Тынық мұхитының орталық бөлігіндегі Полинезия аралдарының диалектісінен шыққан. Ағылшын әскери теңізшісі, зерттеуші Джеймс Кук 1777 жылы Тынық мұхитының Оңтүстігіндегі Тонга Аралдарында көптеген ерекше әлеуметтік құбылыстарға тап болды делінеді [2,306б]. Бұл аралда кейбір заттарды тек құдайлар, патшалар, монахтар сынды адамдар ғана пайдаланады, ал қарапайым адамдарға оларды пайдалануға тыйым салынады. Қарапайым адамдар кей нәрсеге жақындай алмайды, есімдер мен сөздерді де атауына болмайды. Сондықтан, қоғамның дамуымен бұл қасиетті немесе лас нәрселер табу қатарына жатады. Табулар адам өмірінің барлық салаларында біртіндеп тыйымға айналды. Мысалы, адамдардың құдайлар мен әулиелердің есімдеріне, адамдардың өміріне, жасына, ауруы мен өліміне, қасірет пен қарғысқа қатысты табу қолданылады.

А.А.Реформатский "тыйым салынған сөздерді ауыстыру үшін басқа сөздер - эвфемизмдер қажет. Эвфемизмдер-тыйым салынған сөздердің орнына қолданылатын ауыстырылған, рұқсат етілген сөздер" [3, 99 б].

Эвфемизмдердің пайда болу тарихы тілдік тыйымдардың терең архаикалық қалдықтарымен байланысты (бұрын қауіпті құбылыстардың, заттардың және құдайлар, аурулар, өлілер сияқты тақырыптардың атауларына тыйым салынған). Егер адам жоғарыда айтылғандардың біреуін атаса, онда ол құбылыстың өзін тудыруы мүмкін деп есептелді. Мысал ретінде ағылшын тіліндегі "plague" (оба) орнына "black death" (черная смерть) "қара өлім" сияқты эвфемизмдерді келтіруге болады; "the Prince of Darkness" (принц тьмы) "орнына" "devil" (дьявол) қараңғылық ханзадасы [4, 87 б].

Ағылшын тілінде «illness» қазақ тілінде бірнеше баламасы бар. Бұл терминдерді аурудың түріне қарай топтастыруға болады. «Ауру» және «сырқат» терминдері жиі қолданылады, бірақ соңғысы жеңіл ауруды білдіреді. Тағы бір «дерт» сөзі жүйке және ақыл-ой жүйесінің бұзылуынан болатын қауіпті ауруларды білдіреді. Дәстүрлі наным-сенімдерге сәйкес, мұндай аурудың себебі зұлым рух болуы мүмкін, ал қарапайым адамдар оны «жын соққан» дейді. «Науқас» термині пациент пен ауруды білдіру үшін қолданылады. «Дімкәс» термині «науқас» және одан шыққан «дімкәстік» немесе «дімкәстық» сөзі «ауру-сырқат» дегенді білдіреді. Араб тілінен енген «кесел» термині аз қолданылады. Ауызекі сөйлеуде кесел сөзі «кедергі» мағынада қолданылады, мысалы, «Кесел жасады» [5, 71 б].

Медициналық университеттерде ағылшын тіліндегі практикалық сабақтарда әртүрлі аурулардың атауларымен жұмыс істеу өте кең таралған. Олардың көпшілігі грек-латын тілінен шыққан, медициналық мамандықта оқитын студенттерге түсінікті және түсінуде қиындықтар туғызбайды. Бірақ бірқатар аурулар мен сырқаттың, инфекциялар, асқынулар, синдромдар мен қабынулар, бұзылулардың этимологиясын және ағылшын тілінде пайда болуын түсіндіруге қажеттілік туады. Сонымен қатар, этимологиялық аспектіні сабақ материалына қосу соңғысын қызықты ететіні сөзсіз [6,89б].

Бұрын табу негізінен адамның немесе табиғаттың басқарылмайтын күштерінен қорқу, жұмбақ күштерді тыныштандыруға, зұлымдықты жоюға деген ұмтылысымен байланысты болды. Қазіргі қоғамда бұл қорқыныш артта қалды, бірақ біз әлі де аурулардың зардаптарынан қорқамыз. Сыпайылықты сақтау, тікелей атаудың әсерін азайту, қауіпті

аурулардың салдары немесе диагнозды жасыру, жағымсыз ассоциациялардан аулақ болу, көңілсіз атмосферадан аулақ болуға тырысамыз. Соның салдарынан ессіздік пен ақыл-ой кемістігі, эпилепсия, жыныстық жолмен берілетін аурулар, қатерлі ісік, жүрек ауруы және инсульт сияқты кейбір аурулардың әсері эвфемизмдердің кең лексикасын құруға әкелді.

Эвфемистік сөздер мен сөз тіркестерін талдау үшін біз Сидни Гринбаум мен Джанет Уиткаттың эвфемизм анықтамасына сүйендік: "Табу немесе эвфемизм - бұл оның жағымсыз ассоциациялары, зиянсыз өрнегін қолайлы ассоциациялары бар ұғымға ауыстыру: мысалы: to pass away (өмірден озу) - бұл эвфемизм to die (өлу), put (animals) to sleep (ұйықтату (жануарлар)) - to kill (өлтіру), to perspire (буға немесе түтінге улану) - to sweat (терлеу), to nurse (емізу) - to suckle (ему), agent (агент) - spy (тыңшы), dentures (тіс протездері) - false teeth (жалған немесе жасанды, тістер) және т.б. [7,986].

Адамдар ерте кезден өлімге және кейбір ауруларға қатысты сөздер символдық мәнімен тығыз байланысы бар деп санайды. Сондықтан ағылшындарда "If anything should happen to me" (Егер маған бірдеңе болса) means "when I die" (мен өлгенде) дегенді білдіреді. «Өлім» сөзінің орнына "pass away", "go to his reward", "answer the call of God", "go home", "to have a better place", "depart" and "go west" тіркестерін қолданып келеді. Денсаулық, ауру және жағымсыз ауруларға қатысты тақырыпты талқылау кезінде сөйлеушінің дәрекі болып көрінетін сөздері мен сөз тіркестерін жағымды тілде айтып қана қоймай, құбылыстың мәнін жасыратын және жабатын белгілерді таңдауы маңызды болып табылады. Бұл, әсіресе, семантикалық түсініксіз медициналық терминдердің мысалында айқын көрінеді, яғни неоплазма қорқытудың орнына ісік, олар ағылшын тілінде «growth» және «tumour» табу немесе эвфемизмдеріне сәйкес келеді, оларды қолдану төменде келтірілген контексте шынайы болып табылады, онда ветеринар дәрігері жануардың жағдайын талқылайды:

Мысалы: 'Is it ... anything serious?'

I paused. 'No, I shouldn't think so. Tumours of the testicles are not uncommon in dogs and fortunately they aren't to metastasise - spread through the body - very readily. So I shouldn't worry too much.' I added the last bit hastily because at the mention of the word 'tumour' the colour had drained from his face alarmingly.

'That's a growth, isn't it?' he stammered [8,786].

Сөзге сілтеме жасағанда tumour ("ісік"), иттің иесі күрт бозарып, ветеринар оны тыныштандыруға асықты.

Дәрігерлер латын тіліндегі неоплазма сөзін неоклассикалық терминдерді қолданғанды жөн көреді, яғни «қатерлі ісіктің» орнына «неоплазма». Қатерлі ісік басталып келеді дудің орнына "құрылымдық өзгерістердің орын алуы" деп хабарланады, демек «құрылымдық өзгерістер» (дәрігерлік тәжірибеде ыңғайлы табу немесе эвфемизм, бұл сізге қатерлі ісік туралы айтпай-ақ ем алуға мүмкіндік береді).

Growth және tumour-дан басқа, қорқынышты carcinoma ("карцинома") терминін, терінің эпителий тінінде немесе ішкі ағзалардың шырышты қабатында пайда болатын қатерлі ісік туралы сөз болғанда, метонимия арқылы жасалған sore эвфемизміне артықшылық беріледі. Некрологтарда ұзақ аурудан кейін қайтыс болды деген хабарды

табуға болады. Американдық бұл эвфемизм «a long illness» әдетте қатерлі ісік ауруын білдіреді. Қатерлі ісік ауруын «The Big C» табу сөзі де білдіреді; қатерлі ісік өлімі «The Big D (death)» нәтижесін білдіреді [9,1016].

(Robinson and Clever) RC -да аурумен ауырсыну, суықтию және тұмау, ЖИТС, қатерлі ісік, геморрой, психикалық бұзылулар, жыныстық жолмен берілетін аурулар, операциялар мен емдеу және т.б. сияқты құбылыстарды кодтайтын рифм-эвфемизмдерді табамыз. Robinson and Clever = fever (Лондондағы әмбебап дүкеннің атауы бойынша); Boris Korloff = cough, "that's a nasty Boris you've got there mate" контекстіндегідей (ағылшын-американдық актердің сахналық атауы бойынша, ол қорқынышты фильмдердегі рөлдерде жақсы есте қалды. 1931 жылғы "Франкенштейн" фильміндегі Франкенштейн құбыжығы); Billy Ray Cyrus = virus (американдық ел музыкасының орындаушысының атымен); Queen VIC = sick (ill мағынасында) және sick (perverted мағынасында) және т.б. [8].

RC-да көрініс тапқан барлық аурулардың ішінде қатерлі ісік пен геморрой біздің материалда ең маңызды болды [11,966]. Сондай-ақ ЖИТС-ті кодтайтын рифмаларды кездестіреміз.

Қатерлі ісік ауруынан қорқынышты азайту және аурудың ауырлығын жасыру үшін зардап шеккендер көбінесе Джек биші = қатерлі ісік, Джимми биші = қатерлі ісік, Испандық биші = қатерлі ісік, тап бишісі (барлық рифмалар, демек, бишілер Австралиядан) сияқты рифмалар сияқты оптимистік атаулар береді; мысалдағыдай күн бишісі: "Did you hear that Harry' s got the Jimmy Dancer?". 1940-1950 жылдардағы әйгілі американдық тенор мен Голливуд жұлдызы Марио Ланцаның есімін қолданатын тағы бір рифманы атайық: Марио Ланза = cancer [12,566].

Қазіргі уақытта қатерлі ауру түрі ісіктен соң ЖҚТБ екінші орынға қойылды. "ЖИТС" термині (жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы) ағылшын тіліндегі Acquired Immunodeficiency syndrome көп компонентті терминінен, ағзаның басқа аурулардан табиғи қорғаныс жүйесін бұзатын және AIDS аббревиатурасына біріктірілді. Эпидемия сипатына ие болған ауру медициналық мәселелерден басқа жыныстық тапшылық және нашақорлықпен ауыратын науқастардың құқықтары мен мәселелері көтеріліп, олардың саяси теңдігіне назар аударылды. ЖИТС-пен ауыратын науқас саяси теңеліп, яғни «a person with AIDS» деген атау берілді- жүре пайда болған иммун тапшылығы синдромы немесе PWA бар адамды айтады [12].

ARC (AIDS-related condition or complex) ЖҚТБ-мен байланысты, бұл аурудың әсерінен салмақ жоғалту, жоғары температура, және т.б. және басқа да қауіпті кезеңдерді жасыру мақсатында эвфемисттік аббревиатурасы пайда болды. ЖҚТБ туралы айтудан аулақ болуға деген ұмтылыс WOGS (Wrath of God Syndrome) жаңа эвфемисттік аббревиатурасының пайда болуында көрініс тапты. Бұл жаңа ғасыр дертін табу ретінде қабылдау аумақтық және әлеуметтік жағынан қиындық туғызды. АҚШ-тың оңтүстігінде діни қызметкерлер ("Құдайдың қызметшілері") өздерінің ауызекі тілінде ЖИТС-ті гомосексуалдардың күнәлары үшін алған жазасы "the Lord's curse" (Құдайдың қарғысы) деп атау кең тараған.

"Инвитро" маркетингтік зерттеулерінің жетекші талдаушысы Татьяна Кузьмина, зерттеу авторлары қорқынышпен, қоғамдық айыптаумен / немесе (емделу құнына және

аурумен күресудің сәттілік ықтималдығына) емдеу процесіне байланысты аурулардың үш тобын анықтады. Қоғамда атын тура айтуға ыңғайсыздық тудыратын аурулар табу болып есептеледі (гонорея, педикулез, гельминттер, тері аурулары, никотинге тәуелділік) "ұят" деп қабылданады. Емделуге қиындық тудыратын аурулар – ауыр зардаптар туралы ойдан қорқады, (онкология, жүректің ишемиялық ауруы, психикалық бұзылулар) емдеудің жоғары шығындары туралы түсінікке байланысты қорқыныш тудырады. Тыйым салынған және ауыр түрлердің қатарына АИТВ, қой ауруы (мерез), С гепатиті, шизофрения, нашақорлық және алкоголизм жатады [13,586]. "Біздің қоғамда маңызды мәселе бар: әлеуметтік-мәдени кодтар, дәстүрлер мен тарихи ерекшеліктерге сүйене отырып, адамдар тек бір-бірімен ғана емес, мамандармен де кейбір аурулар туралы сөйлесуден ұялады. Осыған байланысты аурудың алдын алу үшін, ол туралы ақпаратты тарату қиын. Кейбір жағдайларда жалған ұят пен әлеуметтік тыйымдарға байланысты адамдар дәрігерлерге немесе диагностикаға жүгінбеуі мүмкін", – дейді сарапшы.

Өздеріңіз білетіндей, күнделікті қабылдауда аурудың әр түрін: өте қорқынышты, өмірге қауіп төндіретін (қатерлі ісік); белгілі бір емдеуден кейін адам жақсарып, тіпті оларды әзілмен еске түсіре алатын қорқынышты емес сияқты (жүрек айнуы); былайша айтқанда "лас" (диарея) және (мерез) қой аурулары қоғамда жеткілікті. Алайда, нақты дәрігер үшін аурудың мұндай градациясы жоқ: кез-келген науқас байыпты, ғылыми көзқарасты, мейірімділік пен қамқорлықты қажет етеді.

Ауру атауларын эвфемизациялаудың қолданыстағы тәжірибесіне қатысты, әдетте, орыс (грек-латын) терминдері алмастырғыш сөздер ретінде таңдалатынын байқауға болады. Мысалы, ағылшын тіліндегі «diabet» сөзі қазақша "су самыр" сөзімен ауыстырылады.

Tuberculosis "туберкулез" ауруы орта ғасырларда пайда болып, алғашында Англия мен Францияда "king's evil" (патшаның зұлымдығы) бұл ауруға шалдыққандар патшаның жанасуынан кейін сауығып кетеді деген сенім кең таралған.

Кейін бұл сөздің орнына ауруға қарсы вакцина ойлап тапқан ғалым Роберт Кохтың атымен атау жөн болады. Бір қызығы, бұл ағылшын тіліндегі Tuberculosis қазақша «құрт ауруы» орнына қолданысқа енгізілді ('құрт ауруы'), ана тілінің жалпы терминімен 'өкпе ауруы' деп ауыстырылды. Сондай-ақ, қазақ тілінде қылтамақ ауруы "қатерлі ісік" сөздерін қолданудан аулақ болады және бұл жағдайда "жаман ауру" деген жалпыланған терминді қолданады. Аурудың бәріне тән атауы сөйлеушіні көрсететін рухтың пайда болуына себеп болады деген сенім болды. Атап айтқанда, жұқпалы ауруларды атаудан аулақ болды. Мәселен, мысалы, оспа ауруы қазақша шешек (табу сөзі бойынша "гүл" дегенді білдіретін) тејман (<парсы.) 'қонақ', aulie (араб.) 'Әулие', disease (<парсы.) 'ауырсыну, ауыру'[14,1166].

#### 1-кесте. Ағылшын тілінде аурулардың аталу терминологиялары

| № | Аурулардың аталу терминологиялары | Табу/ эвфемизмдер         |
|---|-----------------------------------|---------------------------|
| 1 | Blood pressure                    | Қан қысымы                |
| 2 | Cancer                            | Жаман ауру (Қатерлі ісік) |

|    |                  |                                    |
|----|------------------|------------------------------------|
| 3  | Cerebral palsy   | Церебральды сал ауруы              |
| 4  | Dementia         | Ақыл-парасаттың кемдігі (Деменция) |
| 5  | Fistula          | Жылан көз (Фистула)                |
| 6  | Leprosy          | Гансен ауруы (Алапес)              |
| 7  | Leukemia         | Ақ қан (Лейкемия)                  |
| 8  | Syphilis         | Қой ауру (Мерез)                   |
| 9  | Tuberculosis     | Құрт ауру (Туберкулез)             |
| 10 | Venereal disease | Жұқпалы ауру (Венерологиялық ауру) |

Бұл аурулардың интерпретациясы негізінен парафразаланған немесе эвфемизмдер қолданылғанын байқауға болады. Бұл кейде қате диагнозға әкелді, себебі кейбір интерпретациялар дәл болмады. Жоғарыда айтылғандай, алдын-ала сипаттамалар, нақты материалды әрі қарай зерттеу және мұқият лингвистикалық зерттеулер қажет.

Табу мен эвфемизмдер тілдің сөздік құрамын дамытуда маңызды рөл атқарды және әлі де атқаруда деген қорытынды жасауға болады. Түркі лексикологиясы мен стилистикасы бойынша зерттеулерде, сондай-ақ Алтай тілдерінің туыстық мәселелеріне арналған жұмыстарда бұл тіл қабатын ескермеуге болмайды. Осыған байланысты объект-тыйым туралы мәселені, сондай-ақ аллегориялардың лингвистикалық материалын зерттеу үлкен қызығушылық тудырады. Табудың концептуалдық-семантикалық құрылымын анықтауда ұғым мен мазмұнға айрықша назар аударылуы қажет.

Алайда, табу мен эвфемизм арасындағы нақты шекараны белгілеу айтарлықтай қиындықтар туғызады. Әрине, ежелде қайтыс болған адамның атын немесе белгілі бір жабайы аңның (мысалы, қасқырдың) атын атаудан қорқуы қазіргі қоғамда жанама түрде көрінетін басқа қорқыныштарға жол берді. Қазіргі уақытта эвфемизм ретінде қабылданатын нәрсе көбінесе алыс өткеннің табуына оралады. Тіпті ең ежелгі, қарабайыр болып көрінетін табулардың қазіргі заман адамдарының ойынан толығымен және із-түзсіз байланысын жоғалтты деп болжау қиын.

### Қорытынды

Қорытындылай келе, тілдік тұрғыда ауру атаулары табу мен эвфемизм арқылы жасалатынына көз жеткіздік. Табу мен эвфемизмдер мағынасы жағынан жақын сөздер екенін көреміз. Кейбір дереккөздерде олар контекстік синонимдер деп қаралады. Дей тұрғанмен, табудың үрейден туғанын және оның дәрежесі, тура естілетінін ал, эвфемизм сыпайылық пен әдептілікке негізделеді. Егер бұрын табу сөздер зұлым рухтарды қоздырмау, жаза алмау үшін әдейі қолданылса, қазір эвфемизмдер басқа функцияға ие болады Тыңдаушыға жағымсыз нәрсені безендіру немесе жасыру, ауыстыру қызметі өз күшін сақтап қалады.

Қазақ, қырғыз және өзбек тілдерінде, сондай-ақ барлық басқа түркі тілдерінде эвфемизмдер мен тыйымдардың қоғамның ежелдегі өмірінің барлық салаларымен байланысы бар. Әр адамның туылуынан қайтыс болғанға дейін қоғам не айтуы керек, не айтпауы



керек, оны тікелей өз атымен, не аллегориялық деп атауға болатындығын реттейді. Сонымен, "табу" ұғымы әлемнің тілдік бейнесіндегі негіздердің бірі болып табылады, жеке тілдік тұлға үшін де, жалпы тілдік қауымдастық үшін де экзистенциалды мәнге ие. Белгілі бір дәрежеде зерттелгеніне қарамастан, "табу" өзінің қарама-қайшылығына байланысты бүгінде коммуникативті лингвистиканың, лексикологияның назарында және тілдерді оқытуда осы тақырыпты дидактизациялау мәселесі өте күрделі, соған қарамастан бұл тақырып даму үрдісінен түспейді. Табу ұғымының әлем халықтары үшін лингвомәдени құзіреттілігі жоғары. Тыйым сөздер мен табулар адамзаттың барлығына қатысты және оның бүкіл өмірін қамтиды.

### **Авторлардың қосқан үлесі.**

**Кулжанова Р.Б.** – зерттеудің тұжырымдамасын әзірлеу, теориялық негізді қалыптастыру;

**Кашкеева А.Б.** – қорытынды, ұсыныстар және редакциялау жұмысы, талдау және статистикалық деректермен жұмыс, мақаланы техникалық рәсімдеу.

### **Әдебиеттер тізімі**

1. Ахметов Ә. Түркі тілдеріндегі табу мен эвфемизмдер. – Алматы: Ғылым, 1995. - 208 б.
2. Горшунов Ю.В. Венерические болезни в свете эвфемии и дисфемии // Языки в диалоге культур: проблемы многоязычия в полиэтническом пространстве: материалы IV Всероссийской научно-практической конференции с международным участием. - Уфа: РИЦ БашГУ, 2021. - С. 305-311.
3. Реформатский А.А. Введение в языкознание. – М.: Наука, 1967. – 544 с.
4. Мейриева А.С. Эвфемистическая лексика в современном русском языке (комплексная характеристика): диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. - Магас, 2004. - 186 с.
5. Исмагулова Б.Х. Халықтық медицина ұғымдарының ағылшын-қазақ, қазақ-ағылшын аударма ерекшеліктері // Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті хабаршысы, 2021. – Б. 70-79.
6. Москвин В.П. Эвфемизмы в лексической системе современного русского языка. 2-е изд. – М.: ЛЕНАНД, 2007. – 260 с.
7. Кацев А.М. Эвфемизмы в современном английском языке: (Опыт социолингвистического описания): диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Л., 1977. – 190 с.
8. Арсентьева Ю.С. Фразеологизмы-эвфемизмы в английском и русском языках: диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Казань, 2012. – 177 с.
9. Абакова Т.Н. Парадигматические отношения и семантико-прагматические особенности эвфемизмов и дисфемизмов современного английского языка (на материале текстов британской прессы): диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Саратов, 2007. – 144 с.
10. Бушуева Т.С. Прагматический аспект эвфемизмов и дисфемизмов в современном английском языке: диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – Смоленск, 2005. – 175 с.

11. Радыгина Т.В. Особенности эвфемизмов и дисфемизмов как результирующих наименований по отношению к исходной номинации // *Studia Linguistica*. Вып. XVII. Язык и текст в проблемном поле гуманитарных наук. – СПб., 2008. – С. 95-99.
12. Резанова А.Н. Дисфемия в английском языке: семантические механизмы и прагматические функции: диссертация на соискание ученой степени кандидата филологических наук. – СПб., 2008. – 179 с.
13. Саакян Л.Н. Эвфемия и дисфемия: языковые стратегии смягчения и дискредитации высказывания // *Русский язык в высшей школе*. - 2010. - №4. - С. 57-62.
14. Сапига Е.В., Репина М.В. Лексико-семантический анализ медицинских эвфемистических выражений в английском языке // *Культурная жизнь Юга России*. - 2015. - № 3(58). - С. 74-77.
15. Байрамова Л.К. Болезни и их фразеологические эвфемистические номинации в русском, английском, немецком, французском языках // *Здоровье и образование в XXI веке*. - 2016. - Т. 18, № 6. - С. 117-120.
16. Бирюк И. Эвфемизмы в англоязычном медицинском дискурсе // *Сучасні тенденції розвитку освіти й науки: проблеми та перспективи: зб. наук. праць*. Вип. 7 / гол. ред. Ю.І. Коліуник-Гуменюк. Кив; Львів; Бережани; Гомель: Б. и., 2020. - С. 184-188.
17. Табу и болезнь. [Электронный ресурс]. URL: <https://psycnet.apa.org/record/1969-11779-001> (Дата обращения: 17.02.2025).
18. Табу, избегание определенных пищевых привычек и болезни: локальные эпистемологии здоровья среди прибрежных эндемцев Восточной Индонезии. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.frontiersin.org/journals/sustainable-food-systems/articles/10.3389/fsufs.2023.977694/full> (Дата обращения: 17.02.2025).
19. Эвфемизмы в современном английском языке: опыт социолингвистического описания. [Электронный ресурс]. URL: <https://www.dissercat.com/content/evfemizmy-v-sovremennom-angliiskom-yazykeopyt-sotsiolingvisticheskogo-opisaniya> (Дата обращения: 17.02.2025).
20. Эвфемизмы в современном английском языке. [Электронный ресурс]. URL: [https://new-disser.ru/product\\_info.php?products\\_id=1134537](https://new-disser.ru/product_info.php?products_id=1134537) (Дата обращения: 17.02.2025).

**Б.Р. Кулжанова, А.Б. Кашкеева**

*Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан*

### **Лексико-семантическая структура табу связанных с названиями болезней в тюркских языках**

**Аннотация.** Табу возникли в древности на основе мифологических верований. Тематические группы табу охватывают самые разные области. В исследовании мы рассмотрим древние и современные табу связанные с этим заболеванием. В древности болезнь представляли себе как злого духа, который уничтожает все на своем пути, поэтому ее боялись называть своим настоящим именем.

В ходе работы особое внимание уделялось понятию и содержанию при определении лексико-семантической структуры слова «табу» в английском и тюркском мирах. Приводятся и анализируются примеры названий болезней, созданных посредством табу и эвфемизмов. В качестве источников исследования использовались табуированные слова, сборники табуиро-

ванных слов, этимологические словари, медицинские термины и другие лингвистические материалы.

Основная цель научной статьи – выявить группы заболеваний, названия которых запрещены, определить их масштабы и проанализировать мотивацию запрета.

Мы приходим к выводу, что концепция табу имеет высокую лингвокультурную значимость для народов мира.

**Ключевые слова:** табу, запрет, миф, болезнь, недуг, языковая культура, этнография, табу, обычаи и традиции

**B.R. Kulzhanova, A.B. Kashkeyeva**

*Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan*

### **Lexical-semantic structure of taboos related to disease names in Turkic languages**

**Abstract.** Taboos arose in ancient times on the basis of mythological beliefs. The thematic groups of taboos consist of a wide variety of areas. In the study, we will consider ancient and modern taboos related to diseases. In ancient times, the disease was imagined as an angry spirit that destroys everything in its path, so it was feared to call it by its correct name.

During the work, special attention was paid to the concept and content in determining the lexical-semantic structure of taboos in the English and Turkic worlds. Examples of disease names created through taboos and euphemisms were given and analyzed. Taboo words, collections of taboo words, etymological dictionaries, medical terms, and other linguistic materials were used as sources of research.

The main purpose of the research article is to identify groups of diseases whose names are forbidden, determine their degree, and analyze the motives for the prohibition.

We conclude that the concept of taboo has a high linguocultural relevance for the peoples of the world.

**Keywords:** taboo, prohibition, myth, illness, illness, linguistic culture, ethnography, taboos, tradition

#### **References**

1. Ahmetov A. Turki tilderindegi tabu men evfemizmder [Tabu and euphemisms in Turkic languages]. (Science, Almaty, 1995, 208 p.). [in Kazakh]
2. Gorshunov Yu.V. Venericheskie bolezni v svete evfemii i dispheii [Venereal diseases in the world of euphemia and dysphemias], *Yazyki v dialoge kul'tur: problem mnogoyazychiya v polietnicheskom prostranstve: materialy IV Vserossiiskoi nauchno-prakticheskoi konferentsii s mezhdunarodnym uchastiem* [Languages in the dialogue of cultures: problems of multilingualism in a multiethnic space: proceedings of the IV All-Russian Scientific and Practical Conference with International participation], 305-31 (2021). [in Russian]
3. Reformatskii A. A. Vvedenie v yazykoznanie [Introduction to linguistics]. (Nauka, Moscow, 1967, 544 p.). [in Russian]
4. Meirieva A.S. Evfemisticheskaya leksika v sovremennom russkom yazyke [Euphemistic vocabulary in modern Russian language (complex characteristics)], *Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk* [Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences], 186 (2004). [in Russian]

5. Ismagulova B.Kh. Khalyktyk meditsina ugymdarynyn agylshyn-kazak, kazak-agylshyn audarma erekshelikteri [Features of English-Kazakh, Kazakh-English translation of concepts of folk medicine], Abylai khan atyndagy Kazak khalykaralyk zhane alem tilderi universiteti khabarshysy [Bulletin of Abylai Khan Kazakh University of International Relations and World Languages], 70-79 (2021). [in Kazakh]

6. Moskvina V.P. Evfemizmy v leksicheskoi sisteme russkogo yazyka [Euphemisms in the lexical system of the modern Russian language] (LENAND, Moscow, 2007, 260 p.). [in Russian]

7. Katsev A.M. Evfemizmy v sovremennom angliiskom yazyke: opyt sotsiolingvisticheskogo opisaniya [Euphemisms in modern English: (Experience of sociolinguistic description)], Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk [Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences], 190 (1977). [in Russian]

8. Arsentiyeva Yu.S. Frazheologizmy-evaemizmy v angliiskom I russkom yazykakh [Phraseologism-euphemism in English and Russian languages], Dissertatsiya na soiskaniya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk [Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences], 177 (2012). [in Russian]

9. Abakova T.N. Paradigmaticheskie otnosheniya I semantiko-pragmaticheskie osobennosti evfemizmov I disfemizmov sovremennogo angliiskogo yazyka (na material tekstov britanskoi pressy) [Paradigmatic relations and semantic-pragmatic features of euphemisms and dysphemisms of the modern English language (on the material of texts of the British press)], Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk [Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences], 144 (2007). [in Russian]

10. Bushueva T.S. Pragmaticheskii aspekt avfemizmov I disfemizmov v sovremennom angliiskom yazyke [Pragmatic aspect of euphemisms and dysphemisms in modern English language], Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk [Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences], 175 (2005). [in Russian]

11. Radygina T.V. Osobennosti evfemizmov I disfemizmov kak rezul'tiruyushchikh naimenovaniy po otnosheniyu k iskhodnoi nominatsii [Features of euphemisms and dysphemisms as resulting names in relation to the initial nomination], *Studia Linguistica. Vyp. XVII. Yazyk I tekst v problemnom pole gumanitarnykh nauk* [Studia Linguistica. Vyp. XVII. Language and text in the problem field of humanities], 95-99 (2008). [in Russian]

12. Rezanova A.N. Disfemiya v angliiskom yazyke: semanticheskie mekhanizmy I pragmaticheskie funktsii [Dysphemia in English language: semantic mechanisms and pragmatic functions], Dissertatsiya na soiskanie uchenoi stepeni kandidata filologicheskikh nauk [Dissertation for the degree of Candidate of Philological Sciences], 179 (2008). [in Russian]

13. Saakyan L.N. Evfemiya I desfemiya: yazykovye strategii smygcheniya I diskreditatsii vyskazyvaniya [Euphemism and dysphemia: language strategies of mitigating and discrediting utterances], *Russkii yazyk v vasshei shkole* [Russian language in higher education], 4, 57-62 (2010). [in Russian]

14. Sapiga E.V., Repina M.V. Leksiko-semanticheskii analiz meditsinskikh evfemisticheskikh vyrazhenii v angliiskom yazyke [Lexical-semantic analysis of medical euphemistic expressions in English], *Kul'turnaya zhizn' Yuga Rossii* [Cultural life in the South of Russia], 3(58), 74-77 (2015). [in Russian]

15. Bairamova L.K. Bolezni I ikh frazeologicheskie evfemisticheskie nominatsii v russkom, angliiskom, nemetskom, frantsuzskom yazykakh [Diseases and their phraseological euphemistic designations in Russian, English, German, French languages], *Zdorov'e I obrazovanie v XXI veke* [Health and education in the XXI century], 18, 6, 117-120 (2016). [in Russian]

16. Biryuk I. Evfemizmy v angloyazychnom medetsinskom diskurse [Euphemism in English medical discourse], Suchassh tendenstp rokusti osvgti y nauki: problemi ta perspektiviki: zb. science prac. Vip. 7 / goal. ed. Yu.1. Kolyunik-Humenyuk. Kiv; Lviv; Berejani; Gomel: B.I. [Modern trends in the development of education and science: problems and prospects: sat. scientific works. Issue 7 / Gol. ed.by Yu. 1.Kolyunik-Gumenyuk. Kiev; Lviv; Berezhany; Gomel: B. I.], 184-188 (2020). [in Ukrainian]

17. Tabu I bolezni' [Taboo and disease]. [Electronic resource]. Available at: <https://psycnet.apa.org/record/1969-11779-001> (Accessed: 17.02.2025).

18. Tabu, izbeganie opredelennykh pishchevykh privyчек I bolezni: lokal'nye epistemologii zdorov'ya sredi pribrezhnykh endentsev Vostoshnoi Indonezii [Taboos, avoidance of certain eating habits, and diseases: local epistemologies of health among coastal settlers of Eastern Indonesia]. [Electronic resource]. Available at: <https://www.frontiersin.org/journals/sustainable-foodsystems/articles/10.3389/fsufs.2023.977694/full> (Accessed: 17.02.2025).

19. Evfemizmy v sovremennom angliiskom yazuke: opyt sotsiolingvisticheskogo opisaniya [Euphemisms in Modern English: the experience of sociolinguistic description]. [Electronic resource]. Available at: <https://www.dissercat.com/content/evfemizmy-v-sovremennom-angliiskomyazykeopyt-sotsiolingvisticheskogo-opisania> (Accessed: 17.02.2025).

20. Evfemizmy v sovremennom angliiskom yazuke [Euphemisms in Modern English]. [Electronic resource]. Available at: [https://new-disser.ru/product\\_info.php?products\\_id=1134537](https://new-disser.ru/product_info.php?products_id=1134537) (Accessed: 17.02.2025).

#### Авторлар туралы мәлімет:

**Кулжанова Б.Р.** – ф.ғ.к., доцент, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Кашкеева А.Б.** – хат-хабарға жауапты автор, PhD докторант, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан.

**Кулжанова Б.Р.** – к.ф.н., доцент, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Кашкеева А.Б.** – автор для корреспонденции, PhD докторант, Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

**Kulzhanova B.R.** – Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

**Kashkeyeva A.B.** – Corresponding author, PhD doctoral student, Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.



Copyright: © 2025 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).